

«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
«BILIM QAZYNA» КММ
«№32 «ҚУАНЫШ» БАЛАБАҚШАСЫ» МКҚК

«Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ
2025 жылғы «14» 08
№ 3.9 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ



«Ханталапай»
бағдарламасы
ортаңғы тобына арналған

Ақтөбе қаласы
2025 жыл

«ХАНТАЛАПАЙ» үйірмесінің бағдарламасы «Асық және Шемектас» тақырыбында мұғалімдерге арналған әдістемелік оқыту туралы бағдарламаларына сүйене отырып, іс-тәжірибеден жинақталып құрастырылған.

Құрастырған: Аяпбергенова И.Х.

Пайдаланушы: Аяпбергенова И.Х.

№32 «Қуаныш» балабақшасының педагогикалық кеңесі отырысында «Ханталапай» асық ойынының бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1 22 08 2025 жыл

№32 «Қуаныш» балабақшасы меңгерушісі:



(signature) Р.А. Лекерова

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Ханталапай» асық ойынының бағдарламасы мақұлданды.

Хаттама № 1 08 2025 жыл

Сараптау комиссиясы төрағасы



М.Косымбаева

**№32 «Қуаныш» мектепке дейінгі ұйымының
«Ханталапай» бағдарламасына**

Пікір

«Ханталапай» бағдарламасы ортанғы топ балаларының жас ерекшеліктеріне сәйкес, қазақтың ұлттық ойыны асық арқылы балалар мен жастарды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу, дәстүрлі ойындарды дәріптеу, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында жүзеге асырылады. «Ханталапай» сөзі – ел ішінде әділдікке, бөлісімге және кеңеске негізделген дәстүрлі жоралғылардың бірі ретінде танымал. Сондықтан бағдарлама мазмұны осы идеяларға негізделген болса, онда ол қоғамда ынтымақтастықты, әділеттілікті және бірлік құндылықтарын дамытуға зор ықпал етеді. «Ханталапай» бағдарламасы – ұлттық ойындарымызды жаңғырту бағытында атқарылып жатқан өте ерекше жобалардың бірі. Бұл бағдарлама арқылы балалардың бойына қазақ халқының мәдениетін, адамгершілік тәрбиесін жас ұрпаққа үлгі ету және ұлтқа тән дүниетанымды дәріптеу арқылы, отансүйгіштік, салт-дәстүрге құрмет, ептілікпен пен төзімділік секілді қасиеттер сіңіріледі. «Ханталапай» ойыны тек асықпен ойнап қана қоймай, ол балалардың физикалық дамуына, логикалық ойлау қабілетінің артуына және достық қарым-қатынастарының нағаяуына септігін тигізеді.

Бағдарламаның мектепке дейінгі ұйым мен мектепкерде де, қосымша білім беру ұйымдарында және спорттық жарыстар арқылы жүзеге асырылуы – оны кең көлемде насихаттауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, асық ойыны – ұлттық спорттың бір түрі ретінде халықаралық деңгейде де таныла бастады, бұл мақтанарлық жағдай. Алайда бағдарламаның тиімділігі – оны дұрыс ұйымдастырып, барлық өңірлерде бірдей қолдау көрсетуге байланысты. Сондықтан «хантаалапай» бағдарламасының аясында білікті мамандарды тарту, қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз ету және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кеңінен насихаттау – басты назарда болуы тиіс.

Бағдарламаның табысты жүзеге асуы үшін:

- оны мектепке дейінгі ұйымнан бастап, мектептер мен жоғары оқу орындарына енгізу,
- халықтың форматтағы іс-шаралар ұйымдастыру,
- БАҚ арқылы кеңінен насихаттау,
- Балалардың қызығушылығын арттыратын заманауи тәсілдерді қолдану маңызды.

Қорыта айтқанда бағдарламаның мазмұны балалардың жас ерекшеліктеріне лайықты, «Ханталапай» бағдарламасы арқылы – ел руханияты мен тәрбие саласына тың серпін беретін, ұлт болмысын ұлықтайтын құнды жоба болады. Осы «Ханталапай» бағдарламасын мектепке дейінгі балаларды оқытуда, қолдануға толықтай ұсынамын.

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университеті Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту
кафедрасының аға оқытушысы, PhD**



А.К. Исбаева

ТҮСІНІК ХАТ

«Ханталапай» асық ойынының түрлерінің бірі. Асық ойынының түрлерін үйрету арқылы эстетикалық, патриоттық, мәдени тәрбие беру. Бағдарлама 36 сағатқа жоспарланған. Аптасына 1 рет 1 сағаттан өткізіледі. Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі 3 жыл.

Мақсаты: Ұлттық асық ойынын жандандырып, жоғары деңгейде балалардың ұлттық ойынға деген қызығушылығын қалыптастыру. Шығармашылық, ізденімпаздық, ойлау қасиеттерін дамыту., шығармашылықтарын дамыту, ұжымдасып жұмыс істеуді қалыптастыру. Асық ойынын жоғары деңгейде меңгертіп, ойлау стилі мен рухани мәдениеті қалыптасқан, өмірже өз орнын табатын, эстетикалық сауаттылық сауатты тұлға тәрбиелеп даярдау.

Өзектілігі: Кез-келген спорттық ойындардан кем түспейтін асық ойынының жас ұрпаққа берер тәрбиелік маңызы да зор. Ойынның бұл түріне жас жеткіншектердің ықыласын оятып, қызығушылығын арттыру. Бұл жұмыста бірқатар асық ойынының түрлеріне толық түрде талдау жасалып, жажакты түсінік беру. Әр педагог балалардың деңгейіне байланысты асық ойындарын таңдай алады. Ойынды оқыта отырып, топ аралық, балабақшаішілік жарыстар ұйымдастыруға да болады. Балалардың өз елінің ұлттық ойынын дұрыс ойнау ережелерін түсіну.

Міндеті: Мектепке дейінгі балалардың алған білімдерін шыңдап шеберліктерін қосымша білім беру арқылы әрі қарай дамыту. Балалардың дарынын ашу. Асық ойынын жетік меңгере алатын тұлға қалыптастыру. Жоспарда асық ойынының жүрістері, ойнау деңгейлігі көрсетіледі. Жоспар көптеген әдебиеттерден методикалық журналдағы қажетті мағлұматтардан жасакталған. Қазіргі ұрпақтың санасына алыстап бара жатқан бабаларымыздың ұлттық ойын түрлерін әсіресе асық ойынын жандандыру басты міндет болып табылады. Әсіресе осы ұлттық ойын түрлерін үйрету жайы, оған жастай баулап тәрбиелеу ісі баршамыздың алдымызға байыпты міндеттерін тартады. Жас ерекшеліктеріне байланысты кіші буыннан бастап қамтиды. «Ханталапай» бағдарламасы ортаңғы топқа арналып 1 жылға 36 сағат есептелінді, аптасына 1 рет, ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұзақтығы 7-15 минут.

Бағдарлама бойынша балалар нені меңгеру керек:

Балалар асық ойынын ойнау барысында:

- тарихын, жүріс тәсілдерін меңгереді;
- ойлау қабілеті артады;

- ойында ойнау барысында жаңа әдістерін қарастырады;
- өз ойындарына талдау жасайды;
- бір-біріне жаңа тәсілдерін сынай отырып талдайды.

Берілетін білім мен тәрбие дағдысы:

- халқымыздың ұлттық ойындарын бойларына сіңірту;
- ұлттық, патриоттық, эстетикалық тәрбие беру;
- ойын ережесін сақтай білуге;
- ойын жүрістерін дұрыс орындауға бағыт, бағдар беру.

Күтілетін нәтиже:

-асық ойынының түрлі әдіс-тәсілдерін жетік меңгеріп орындай алады және жұмыстарын қортындылап, дәлелтеп береді.

-алдымен баланың ұлттық спортқа, асық ойынына деген қызығушылығы пайда болады.

-ойынға деген бейімділігі мен икемділігі қалыптасады;

-ойлау қабілеті артады;

-шеберлік, іскерлік дағдылары шындалады.

«ХАНТАЛАПАЙ»
3-жас (Ортаңғы топ балалары үшін))
(Барлығы 36 сағат, аптасына 1 рет)

№	Тақырыбы:	Сағаты саны:
«Ханталапай»		
1	Кіріспе «Ханталапай» тарихына шолу	1
2	Асықпен танысу	1
3	Асықтың атаулары	1
4	Асық ойыны барысында қолданылатын құралдар мен әдістер.	1
5	Асық иіру. Асықты ату жаттығуы.	1
6	Алшы түрі	1
7	Тәйке түрі	1
8	Бүк түрі	1
9	Шік түрі	1
10	Омпы түрі	1
11	Шоңқа. Асықты ату жаттығуы.	1
12	Мергендік таныту	1
13	Асық ойынының әдіс-тәсілдері	1
14	Өз сакасын таңдау. Сақаларды иіру. Сақа деген не?	1
15	Асық ату. Асықты асыққа тигізу	1
16	«Ханталапай» ойыны	1
17	«Атжарыс» ойыны	1
18	«Хан болып шық» ойыны	1
19	«Ұтыс» ойыны	1
20	«Аркалыспақ» ойыны	1
21	«Барыңды сал» ойыны	1
22	«Бес асық» ойыны	1
23	«Тас кала» ойыны	1
24	«Бес тас» ойыны	1
25	«Мергендік таныту» ойыны	1
26	«Киімалғыш» ойыны	1
27	«Иірімекіл» ойыны	1
28	«Өріс» ойыны	1
29	«Құмар» ойыны	1
30	«Бәйге» ойыны	1
31	«Тәйке» ойыны	1
32	«Қаржу» (қақпақыл) ойыны	1
33	«Шік-бүк» ойыны	1
34	«Бес табан» ойыны	1
35	«Шыкетер» ойыны	1
36	Шыр «Алшы» ойыны	1

БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ

1. Асық ойынының ортақ жиынтығы. Асық ойыны баланың жастайынан ой-қабілетін шыңдап, дәлділікке, ептілікке, ширақтылыққа, ұстамдылыққа, алғырлыққа, сыйластыққа тәрбиелеген. «Ханталапай» ойыны туралы балаларға толық түсінік беру, асықпен ойнау ережелерімен таныстыру. Асықтың түрдерін көрсеті, атауларын тану және дұрыс атап үйрету. Асық ойынын ұлтымыздың ерте заманнан келе жатқан ұлттық ойын екенін түсінжіріп әңгімелеу. Асық ойынының толық ережелерін, қыр-сырларын зерттеп, ізденіс жұмыс жасап, асықтың түрлері мен ерекшеліктерін білу. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, қол-көз үйлесімін жақсарту. Жалпы балалардың қозғалыс белсенділігін арттыру. Балаларға ойынды көркем әрі тартымды етіп ойғауға, ұлттық құндылық пен мәдениеттің бір бөлшегі ретінде қызығушылығын молайту. Асықты дәл көздеп атуға немесе белгілі бір шеңберден шығарып жіберу, нысананы дәл көздеуге үйрету. Балалардың дәлдігі мен ептілігін, ойлау қабілетін, тактикалық ойлауын, ұлттық сана-сезімін және достыққа, тәртіпке бейімдігін қалыптастыру. Сақа асығы балалардың бойындағы командалық рухты көтеру, балалар арасында ынтымақтастықты дамыту. Ойынды назар қойып ойнауға және шоғырлану дағдысын дамыту. Балалардың бірге жұмыс істеуге, стратегия құру дағдыларын дамыту. өзара түсіністік пен сенімдерін арттыру. Балалардың ойын арқылы бұлшықеттерін шынықтыру, жалпы физикалық денсаулықтырын жақсарту. Ойын ережелерін сақтауға, әділ ойынға баулу. Жеңісті де, жеңілісті де спорттық рухпен қабылдауға тәрбиелеу.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі әдебиеттер:

1. Асық – қазақ халқының ұлттық ойыны [Мәтін]:оқу құралы/Е.М.Мұхиддинов, К.Н. Жанғатанова; ҚР Ғылым және жоғары білім м-гі, Қазақ ұлттық қыздар пед.ун-ті. –Алматы: KEMEL KІТАР, 2024-204Б :сурет.
2. «Асық және Шекемтас» мұғалімдерге арналған әдістемелік оқыту құралы. «Жеке»баспа-2015ж
3. Г.Т.Ерғожина. Ұлттық ойындардың білімділік, тәрбиелеік рөлі мен мәні// Қазақтан-Заман. 2012.22 наурыз. № 13.-166.

Қосымша әдебиеттер:

1. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы, 2007. 106-108б
2. Қазақ халқының энциклопедиясы 2003ж
3. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы 2005ж
4. Дене шынықтыру оқу әдістемесі №4- Т.Базарбег; С.Қасымбекова «Атамұра»2000ж
5. Дене тәрбиесі оқыту әдістемесі. Алматы. 2002ж.
А.Құлназаров.,С.Тайжанов.
6. Т.Асқартегі Асық – мергендікке тәрбиелейді // Азия тарнзит. – 2004. №6. Б. 53-55.
7. Қазақ Совет энциклопедиясының 1 томы. 2006.22нарыз. №63.-106.